

**Мәслихаттың 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 217 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2012 жылғы 29 қазандағы № 53 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 19 қарашада № 3891 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2013 жылғы 18 ақпандағы № 74 шешімімен

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 18.02.2013 № 74 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 бұйрығымен бекітілген, Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 217 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-9-134 тіркелген, 2011 жылғы 31 мамырда " Біздің Торғай" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінде:

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп- ұстау, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы, тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік

сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құны шығындарының төлем сомасы арасындағы айырмашылық ретінде, нормалар және отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға шығындарының шекті жол берілетін деңгейі шегінде айқындалады.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 7412 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері, тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын негізге алғанда уәкілетті органмен анықталады." ;

13–тармақ алынып тасталсын.

15–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табысынан 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.  
"

22–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"22. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін алушының өтініші бойынша тұрғын үй көмегін алушының, қызмет көрсетушілердің, кондоминимум объектілерін басқару органдарының банктік шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.

Шоттарға ақшалай сомаларды аудару уәкілетті органмен ай сайын жүргізіледі  
"

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Жангелдин</i>	<i>аудандық</i>
	<i>мәслихаты</i>	<i>кезектен</i>
<i>тыс сессиясының төрайымы</i>	<i>Г. Абдигапарова</i>	
	<i>Жангелдин</i>	<i>аудандық</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>С. Нургазин</i>	

**КЕЛІСІЛДІ:**

"Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ *Л. Зейнекина*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК